



**№1 (42)
2016**

Меншік иесі және баспагер:
«Қазақстан Республикасының
Заңнама институты» ММ

2006 жылдан бастап шығады
Журналдың материалдары
www.iz.adilet.gov.kz сайтында
орналастырылған

Заң ғылымдары бойынша
диссертациялардың негізгі ғылыми
нәтижелерін жариялауға арналған
басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж.
№894 бұйрығы)

Редакциялық кеңес:
Б.М. Имашев (Төраға)
З.Х. Баймолдина
А.С. Тукиев
И.Ш. Борчашвили

Редакциялық алқа:
З.С. Байниязова (Саратов қ., РФ)
С.Ф. Бычкова
Д. Досмырза
Е.А. Дүйсенов
Д.Ж. Игембаев
А.Қ. Қанатов
В.Т. Қоныс
Ж.О. Құлжабаева
Ш.Р. Мырзаева
С.М. Рахметов
А.Ж. Сағидан
Ә.Г. Сактағанов
М.А. Сәрсембаев

Қазақстан Республикасы Мәдениет
және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы куәлігі
№ 11219-Ж 15.11.2010 ж.

Мекен-жайы:
Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қ.,
Орынбор қ., 8 үй
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.iz.adilet.gov.kz

Қазақстан Республикасы Заңнама институтының Жаршысы

ҒЫЛЫМИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖУРНАЛ

«ҚР ЗАҢНАМА ИНСТИТУТЫНЫҢ
ЖАРШЫСЫНА» - 10 ЖЫЛ

МАЗМҰНЫ

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің коллегиясының отырысы туралы, Астана қ., 2016 жылғы 31 наурыз (ҚР Әділет министрлігінің баспасөз қызметі)	5
«Қазақстан Республикасы Заңнама институтының жаршысы» ғылыми-құқықтық журналының 10 жылдығы	6
Конституциялық және әкімшілік құқық	8
А.С. СМАН Әділдік жолында: қазақ мемлекеттілігі және оның мұрасы (тарихи-құқықтық аспекті)	8
Н.М. ПРИМАШЕВ Конституцияның заңдық күші мен құқықтық сапа: өзара тәуелділік диалектикасы	15
Т.М. ТОҚПАЕВА Мемлекеттік органдарындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент транспаренттік және есеп беретін мемлекеттің тиімді компоненті ретінде.....	21
Азаматтық, азаматтық іс жүргізу құқығы	27
В.Т. ҚОНЫС Alternative Dispute Resolution in the USA: analysis of main advantages and disadvantages (Америка Құрама Штаттарында дауларды балама жолмен шешу: негізгі артықшылықтары мен кемшіліктеріне талдау)	27
Р.Е. ЖАҚЫПОВ Қазақстан Республикасының еңбек құқығындағы кепілдік төлемнің мәселелері	32
Г.К. САҒИЕВА, Б.Ж. БАЗАРБЕК Экологиялық және кәсіпкерлік заңнамасын жетілдіру аясындағы «экологиялық басқару» және «экологиялық менеджмент» ұғымдарының этимологиясы.....	37
Қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу	40
З.К. АЮПОВА, Д.У. ҚҰСАЙЫНОВ Терроризм және экстремизмнің әлеуметтік-мәдени негіздері және оларды болғызбау туралы мәселесіне	40
Р.А. ОРСАЕВА Кәмелетке толмағандардың топтық қылмыстық құқық бұзушылықтарының ерекшеліктері.....	46
Ж.К. КОЖАНТАЕВА Адам өз қызмет бабын пайдалана отырып жасайтын алаяқтық, сеніп тапсырылған бөтеннің мүлкін иемденіп алу немесе жымқыру ерекшеліктері	53

<i>Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану</i>	56
М.А. СӨРСЕМБАЕВ ДСҰ мен ЭЫДҰ талаптарына сәйкес Қазақстанның АӨК өнімдерін экспортқа шығарудың және импорттаудың құқықтық мазмұны	56
А.О. БАЛҒЫНТАЕВ, А.Қ. ҚАНАТОВ Қазақстан мен Белоруссияның қылмыстық процесінде ынтымақтастық туралы келісімдер: салыстырмалы талдау	67
Ж.И. ИБРАГИМОВ Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының талаптарына сәйкес зияткерлік меншік саласындағы заңнаманы жетілдіру	73
<i>Құқықтық мониторинг</i>	79
З.Ғ. ҚАЗИЕВ, А.Б. ЕСІМОВА Салалық құқықтық мониторингі: жалпы ұғымы, міндеті және жүргізу мүмкіндігі	79
И.Қ. ЕЛЕУСІЗОВА Кәсіпкерлік тәуекелді сақтандыру саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасын жетілдірудің кейбір мәселелері	84
<i>Мемлекеттік тілде заң шығару тәжірибесінен</i>	90
М.А. АЙЫМБЕТОВ Заңнама терминдерінің тұрақты тіркестік сипаты	90
Л.С. ТҰРҒАНБАЕВА Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіндегі тауар жиынтықтылығына қатысты заңнамалық және лингвистикалық мәселелер	95
<i>Шетелдік тәжірибе</i>	99
Қ.Е. ИСМАҒҰЛОВ, Д.С. ҚАЖМҰРАТОВА Қылмыстық процеске қатысатын тұлғалардың құзыреттерін құқықтық регламенттеу (салыстырмалы талдау)	99
<i>Жас ғалым мінбері</i>	105
М.Е. ЖҰМАБАЕВА Зияткерлік меншік құқықтарын қорғау және қамтамасыз ету саласында ЭЫДҰ жетекші елдерінің озық тәсілдеріне шолу	105
А.А. ЖАБАЕВА Төрелік келісім дауды шешудің негізі ретінде	109
А.С. НӘБИЕВА, Е.К. АХМЕТОВ Құқықтық мониторингтің заң техникасы: проблемалар және шешу жолдары	113
Н.Р. ӘКІМОВА Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасындағы тараптарды татуластыру институтының қазіргі уақыттағы ахуалы	119
М.М. ТАСТАНОВА Маңызды халықаралық құжаттарда берілген бала құқықтары	125
Е.О. МҰХАМЕДЖАНОВ Жаңа Қазақстан Республикасының ҚПК бойынша жедел бөлімшелерінің іздестіру қызметінің құқықтық режимі	130
Н.Н. СҰЛТАНОВ Қазақстанның қылмыстық сот ісін жүргізудің жаңа моделіндегі қылмыстық қудағалаудың ерекшеліктері: қысқаша ретроспективалы шолу мен перспективалық көзқарас.....	134
А.Ж. БҰСЫРМАНОВ Төрелік дауларды шешудің балама құралы ретінде	140
Д. ҚАСЫМОВА Пленарлық отырыс Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының құқық түсіндіру қызметінің субъектісі ретінде	143
<i>Даналық ойлар: Н. Шәйкеновтің максималары мен афоризмдері.....</i>	148



**№1 (42)
2016**

Собственник и издатель:
ГУ «Институт законодательства
Республики Казахстан»

Издается с 2006 года
Все материалы журнала
размещаются на сайте
www.iz.adilet.gov.kz

Включен в перечень изданий
для публикации основных
научных результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ ККСОН МОН РК №894
от 30.05.2013 г.)

Редакционный совет:
Б.М. Имашев (Председатель)
З.Х. Баймолдина
А. С. Тукиев
И.Ш. Борчасвили

Редакционная коллегия:
З.С. Байниязова (г. Саратов, РФ)
С.Ф. Бычкова
Д. Досмырза
Е.А. Дюсенов
Д.Ж. Игембаев
А.К. Канатов
В.Т. Конусова
Ж.О. Кулжабаева
Ш.Р. Мырзаева
С.М. Рахметов
А.Ж. Сагидан
А.Г. Сактаганов
М.А. Сарсембаев

Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 11219-Ж
от 15.11.2010 г. Комитета информации
и архивов Министерства культуры
и информации Республики Казахстан

Адрес:
Республика Казахстан,
010000, г. Астана,
ул. Орынбор, д. 8,
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.iz.adilet.gov.kz

Вестник Института Законодательства Республики Казахстан

научно-правовой журнал

«ВЕСТНИКУ ИНСТИТУТА
ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА РК» - 10 ЛЕТ

СОДЕРЖАНИЕ

О заседании коллегии Министерства юстиции Республики
Казахстан, г. Астана, 31 марта 2016 года (пресс-служба
Министерства юстиции РК) 5
10-летие научно-правового журнала «Вестник Института
законодательства Республики Казахстан» 6

Конституционное и административное право 8

А.С. СМАН На пути к справедливости: казахская госу-
дарственность и ее наследие (историко-правовой аспект) 8
Н.М. ПРИМАШЕВ Юридическая сила Конституции и
правовое качество: диалектика взаимозависимости 15
Т.М. ТОКПАЕВА Антикоррупционный менеджмент в
государственных органах, как эффективный компонент
транспарентного и подотчётного государства 21

Гражданское и гражданско-процессуальное право 27

В.Т. КОНУСОВА Alternative Dispute Resolution in the USA:
analysis of main advantages and disadvantages (Альтернативное
разрешение споров в США: анализ основных преимуществ
и недостатков)..... 27
Р.Е. ЖАКУПОВ Вопросы гарантийных выплат в трудовом
праве Республики Казахстан 32
Г.К. САГИЕВА, Б.Ж. БАЗАРБЕК Этимология понятий
«экологическое управление» и «экологический менеджмент»
в контексте совершенствования экологического и пред-
принимательского законодательства 37

Уголовное право и уголовный процесс 40

З.К. АЮПОВА, Д.У. КУСАИНОВ К вопросу о социо-
культурных основах терроризма и экстремизма и путях их
предотвращения 40
Р.А. ОРСАЕВА Особенности групповых уголовных
правонарушений среди несовершеннолетних 46
Ж.К. КОЖАНТАЕВА Особенности мошенничества,
присвоения или растраты вверенного чужого имущества,
совершаемых лицом с использованием своего служебного
положения 53

Международное право и сравнительное правоведение	56
М.А. САРСЕМБАЕВ Правовое содержание экспорта и импорта продукции АПК Казахстана на основе требований ВТО и ОЭСР	56
А.О. БАЛГЫНТАЕВ, А.К. КАНАТОВ Соглашения о сотрудничестве в уголовном процессе Казахстана и Белоруссии: сравнительный анализ	67
Ж.И. ИБРАГИМОВ Совершенствование законодательства в сфере интеллектуальной собственности в соответствии со стандартами Организации экономического сотрудничества и развития	73
Правовой мониторинг	79
З.Г. КАЗИЕВ, А.Б. ЕСИМОВА Отраслевой правовой мониторинг: общее понятие, задачи и возможности проведения	79
И.К. ЕЛЕУСИЗОВА Некоторые вопросы совершенствования законодательства Республики Казахстан в сфере страхования предпринимательского риска	84
Из практики законодательства на государственном языке	90
М.А. АЙЫМБЕТОВ Фразеологические особенности законодательных терминов	90
Л.С. ТУРГАНБАЕВА Законодательные и лингвистические проблемы, касающиеся комплектности товара в Гражданском кодексе Республики Казахстан	95
Зарубежный опыт	99
К.Е. ИСМАГУЛОВ, Д.С. КАЖМУРАТОВА Правовая регламентация компетенций лиц, участвующих в уголовном процессе (сравнительный анализ)	99
Трибуна молодого ученого	105
М.Е. ЖУМАБАЕВА Обзор передовых подходов ведущих стран ОЭСР в сфере защиты и обеспечения прав интеллектуальной собственности	105
А.А. ЖАБАЕВА Арбитражное соглашение как основа урегулирования спора	109
А.С. НАБИЕВА, Е.К. АХМЕТОВ Юридическая техника правового мониторинга: проблемы и пути решения	113
Н.Р. АКИМОВА Современное состояние института примирения сторон в уголовном праве Республики Казахстан	119
М.М. ТАСТАНОВА Права ребенка в значимых международных актах.....	125
Е.О. МУХАМЕДЖАНОВ Правовые режимы розыскной деятельности оперативных подразделений по новому УПК Республики Казахстан	130
Н.Н. СУЛТАНОВ Особенности уголовного преследования в новой модели уголовного судопроизводства Казахстана: краткий ретроспективный обзор и перспективный взгляд	134
А.Ж. БУСУРМАНОВ Арбитраж как альтернативный инструмент разрешения споров	140
Д. КАСЫМОВА Пленарное заседание как субъект праворазъяснительной деятельности Верховного Суда Республики Казахстан	143
Мудрые мысли: максимы и афоризмы Н. Шайкенова	148



Балгынтаев Әсет Оралгазыұлы,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университетінің
қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасы
доцентінің м.а., PhD докторы



Канатов Алмас Қанатұлы,
ҚР Заңнама институтының
қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу,
қылмыстық атқару заңнамасы
және сот сараптамасы бөлімінің
бас сарапшысы – бөлім бастығы,
заң ғылымдарының кандидаты, доцент

ҚАЗАҚСТАН МЕН БЕЛОРУССИЯНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСІНДЕ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМДЕР: САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Бұрынғы кеңес мемлекеттердің қылмыстық іс жүргізу заңнамаларында сезікті мен айыпталушының қылмыстарды ашу ықпалдастығына негізделген диспозитивтік бастаулардың бет алу тенденциясы байқалады. Мұндай қажеттілік қылмыстылықтың күрделі де қауіпті нысандарымен күрес жүргізуде заңнамалық деңгейде қылмыс жасаған адаммен ынтымақтастық жасауды басшылыққа алған жаңа механизмдерді қолданумен сипатталады. Бүгінде сезікті, айыпталушымен ынтымақтастық жасау арқылы келісімге келу процедуралары Ресей, Украина, Грузия және Белоруссия елдерінде кең етек жайды.

Осы тұрғыда алғанда Қазақстан мен Белоруссия сияқты одақтас мемлекеттердің қылмыстық іс жүргізуінде қолданылатын ынтымақтастық туралы келісімдерді салыстырмалы талдау ғылыми қызығушылық тудыруда. Айта кетерлік жағдай, бұл екі елде қылмыстық процестегі ынтымақтастық туралы келісім институты бір уақытта әрекет ете бастады деп айтуға болады. Қылмыстық процестік ынтымақтастық туралы келісім институты Қазақстанда 1 қаңтар 2015 жылы заңды күшіне енген Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік кодексінің жаңалықтарының бірі болып табылады. Аталған кодексте ынтымақтастық туралы келісім процестік келісімінің бір нысаны ретінде қарастырған. Екінші нысаны - кінәні мойындау туралы мәміле, өзінің мәні мен

мазмұны жағынан алғанда өзге мақсаттарды көздейді [1].

Беларусь Республикасында (ары қарай БР) сотқа дейінгі ынтымақтастық туралы келісім институты әрекет етіп тұрған қылмыстық іс жүргізу кодексіне 2015 жылдың 5 қаңтарындағы өзгерістер мен толықтырулармен енгізілген болатын.

Сондықтан зерттеу тақырыбы аясында бір мақсатты көздейтін, яғни қылмыстарды ашуға, сезікті мен айыпталушының тергеу органдарымен ынтымақтастық жасауға негізделген екі мемлекеттің қылмыстық іс жүргізу заңнамасын салыстырмалы талдауды жөн көріп отырмыз.

Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік кодексінің 7 бабының 37 тармағы процестік келісімге келесідей анықтама береді «процестік келісім – қылмыстық процестің кез келген сатысында прокурор мен күдікті, айыпталушы немесе сотталушы немесе сотталған адам арасында осы Кодексте көзделген тәртіппен және негіздер бойынша жасалатын келісім».

Беларусь елінің қылмыстық іс жүргізу кодексінің 6 бабының 41) тармағы сотқа дейінгі ынтымақтастық туралы келісімге қазақ тіліне аударғанда келесідей анықтама береді «сотқа дейінгі ынтымақтастық туралы келісім – сезікті (айыпталушының) алдын – ала тергеуге ықпал ету міндеттемесі мен сезікті (айыпталушының)

осы көрсетілген міндеттемелерін орындаған жағдайда жауаптылықтың шарттары анықталынатын сезікті (айыпталушы) және прокурор арасында жазбаша түрінде жасалатын келісім» [2].

Қазақстанның процестік келісімі Беларусь елінің ынтымақтастық туралы келісіміне қарағанда екі нысаны бар екендігін ескере отырып, жоғарыда көрсетілген процестік келісім анықтамасы аясында кінәні мойындау туралы мәміле мен ынтымақтастық туралы келісімді бір анықтамамен шектейді.

Біздің ойымызша аталған келісім нысандары әр түрлі мақсаттарды, жасалатын әр түрлі іс жүргізу тұлғалары және жасау шарттары бір-бірінен өзге. Мәселен, процестік келісімнің анықтамасында осы келісімнің тараптары көрсетілген, прокурор мен күдікті, айыпталушы немесе сотталушы немесе сотталған тұлға. Процестік келісімінің екі нысаның реттейтін нормаларды талдайтын болсақ, кінәні мойындау туралы мәміле тараптары болып прокурор мен күдікті, айыпталушы немесе сотталушы болса, ынтымақтастық туралы келісім тараптары прокурор мен күдікті, айыпталушы немесе сотталушы және сотталған адам табылады. Сонымен бірге, процестік келісім қылмыстық процестің кез келген сатысында жасалатындығы туралы айтылған, бұл жерде кінәні мойындау туралы мәміле қылмыстық процестің сотқа дейінгі тергеп - тексеру және сот отырысында жасалса, ынтымақтастық туралы келісім керісінше кез келген сатыда, тіпті жаза орындау сатысында қоса алғанда жүргізілуі мүмкін.

Сондықтан, жоғарыдағыға негізделетін болсақ, қылмыстық процестік кодексте берілген анықтаманың белгілері көп жағдайда ынтымақтастық туралы келісімге сәйкес келеді. Біздің ойымызша заң шығарушы процестік келісімнің әр бір нысанына қатысты жеке анықтама беру қажет.

Ескере кету керек, отандық ынтымақтастық туралы келісім ҚР ҚПК 612 бабының 1 т. 2 т. сәйкес барлық санаттағы қылмыстар бойынша жасалуы мүмкін, бірақта заңда бір ескерту жасалған, ол:

- қылмыстық топ жасаған қылмыстарды;
- өзге де адамдар жасаған аса ауыр қылмыстарды;
- экстремистік қылмыстарды;
- террористік қылмыстарды ашуға және тергеп-тексеруге ықпал ету кезінде жүргізілуі тиіс.

Беларусь елінде Ресей Федерациясында

сияқты қандай санаттағы қылмыстар бойынша келісім жасалуы мүмкін екендігі қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамаларында нақты анықталмаған. Ресей ғалымы Пиюк А.В. пікірі бойынша Ресей Федерациясының қылмыстық іс жүргізу кодексінде келісім жасауды көздейтін істердің тізімі берілмеген және бұл форманы Мәскеу, Тюмень облыстарында, Ханты Мансийск автономды округінде қолдану тәжірибесін зерттей келе, қылмыстық істердің барлық санаттары бойынша қолданылатыны анықталды [3, 129 б.].

Тиісінше, Беларусь жеделдетілген өндірістегі қылмыстық істерді қоспағанда (БР ҚІЖК 4686 б. 3т.) ынтымақтастық жасау барлық санаттағы қылмыстар бойынша жасалуы мүмкін деген жорамал жасауға болады.

Жалпы келгенде Беларусь еліндегі сотқа дейінгі ынтымақтастық туралы келісім көп жағдайда Ресей Федерациясының 2009 жылы қылмыстық іс жүргізу заңнамасына [4] енген сотқа дейінгі ынтымақтастық туралы келісім институтына тән қасиеттерді өзіне алып, тәжірибесін ескергендігін байқауға болады.

Беларусь елінің қылмыстық іс жүргізу кодексінің 4686 бабының 4 т. сотқа дейінгі ынтымақтастық туралы келісімді жасау шарттарын анықтайды, яғни, онда сотқа дейінгі ынтымақтастық туралы келісім жасау туралы өтініште қылмыс жасауда кінәсін мойындағандығы туралы, қылмысты тергеуде алдын – ала тергеу органдарына көмек жасау мақсатында жасалатын әрекеттері, қылмысқа өзге де қатысушыларды әшкерлеу, қылмыстық жолмен алынған мүлікті іздестіруге ықпал ету, сондай – ақ мүліктік зиянды өтеу бойынша, қылмыстық жолмен алынған табысты және қылмыспен келтірген зиянды өтеу бойынша өзге де әрекеттері көрсетіледі.

Біздің ойымызша, даулы сипатқа Беларусияда сезікті, айыпталушымен ынтымақтастық жасаудың міндетті шарты ретінде тұлғаның өзінің кінәсін мойындауы талабы ие. Өйткені тергеу органдарымен ынтымақтастық жасауға бет бұрған адам кінәсін мойындамай - ақ ынтымақтастық жасауға бет бұруы мүмкін. Себебі келісімнің тараптары өзара тиімділікті басшылықты ала отырып, ынтымақтастық жасайды. Бір тарап - сезікті (айыпталушы) жеңілдірек жаза алу, екінші тарап – прокурор қылмысты тездетіп ашып, барлық қатысушыларды анықтау. Бұл тұрғыда алғанда кінәнің мойындалуы қажет емес деген пікірдеміз, өйткені жариялық мүдделер басымдылыққа

ие болады. Беларусь заң шығарушылары сотқа дейінгі ынтымақтастық туралы келісімді жасауды тергеу органдары қылмысты ашуға өзге мүмкіндіктер жоқ болған жағдайда міндет етеді. Бұндай жағдайда кінәні мойындау талабының болуы жағымсыз салдарға алып келуі мүмкін.

Ұқсас пікірді ресей ғалымы Касаткина С.А. ұстанады, оның пайымдауы бойынша прокурормен айыпталушының сотқа дейінгі ынтымақтастық туралы келісім жасауы алдынала тергеу кезінде тағылған айып бойынша айыпталушымен кінәсін мойындауын көздейді. Дегенменде, айыпталушының кінәсін мойындауы, егерде мәміле тараптары, прокурор мен айыпталушыны қанағаттандыратын қылмыстық жауаптылықтың шектері мен айыпталушының тергеумен ынтымақтастық жасау шарттары келісілген болмаса сотқа дейінгі ынтымақтастық туралы келісім жасауға негіз бола алмайды. Айыпталушының сотқа дейінгі ынтымақтастық туралы келісім жасау кезінде кінәні мойындауы айыпталушының күрделі топтық қылмыстарды ашудағы тергеуге көмек жасаудың бір элементі ретінде қарастыруға болады, бұл мағынада кінәні мойындау айыпталушының қылмыстық іс бойынша дәлелдеме ұсынуға құқығының жүзеге асқандығын көрсетеді [5].

Қазақстандық процестік келісім бойынша заң шығарушы сезікті, айыпталушының, сотталушының кінәні мойындау талабын процестік келісімнің бірінші нысаны – кінәні мойындау туралы мәміледе көрсеткен (612 бап). Ынтымақтастық туралы келісімді реттейтін нормаларда сезіктінің (айыпталушының) кінәсін мойындау туралы шарттар көзделмеген. Яғни, ынтымақтастық кезінде адамның кінәсін мойындау және мойындамауыда мүмкін екендегін аңғартады.

Сонымен бірге, мұндай келісімдер адамдар тобымен жасалатын қылмыстар бойынша жасалуы мүмкін, оның дәлелі ретінде Беларусь қылмыстық іс жүргізу кодексінде 4686 бабының 3 т. көрсетілген ережелер негіз бола алады. Онда былай делінген «...сезікті (айыпталушының) өзінің қылмыстық әрекетке қатысқандығы туралы ғана берген мәлеметтері сотқа дейінгі ынтымақтастық туралы келісімді жасауға жеткілікті болмайды». Яғни, сезікті (айыпталушы) өзінің ғана қылмыстық әрекетін сипаттамай, басқа да қатысушылар туралы мәлемет беруі қажет.

Беларусь заңнамасы бойынша сезікті (айыпталушы) өзге қылмыстар мен оны жасаған

тұлғалар туралы өзіне белгілі болған мәлеметтер беру туралы қосымша міндеттеме алуы мүмкін (4686 б. 4 т.). Демек жасалған сотқа дейінгі ынтымақтастық туралы келісім аясында тұлға өзі қатыспаған қылмысқа, бірақ ол туралы белгілі – бір мәлеметтері бар болса ол туралы ынтымақтастық жасай алады. Бірақта бұл талап факультативті сипатқа ие.

Қазақстандық процестік келісімнің екі нысаны бойынша да адамдар тобымен жасалатын қылмыстар аясында келісімге келуге мүмкіндік береді. Бірінші нысаны, кінәні мойындау туралы мәміле бойынша сот – тергеу тәжірибесі көрсетіп отырғандай, адамдар тобымен жасалатын қылмыстар кезінде сезікті, айыпталушының біреуінің кінәсін мойындау мәміле жасауға кедергі келтірмейді. Ынтымақтастық туралы келісім кезінде ынтымақтастық жасаған адам қылмыстық топ құрамында немесе басқа адамдармен жасалған қылмыстарды ашуға көмек жасауға бет бұруы мүмкін.

Біз, жалпы қылмыстық процесс теориясында іс жүргізушілік келісімдерді тұлғаның кінә мойындауы немесе мойындамауына негізделіп жүргізілген жіктеуді отандық қылмыстық процестік заңнамада басшылыққа алу дұрыстығымен толық келісіміз.

Өз атауы айтып тұрғандай Белоруссияның сотқа дейінгі ынтымақтастық туралы келісімді жасау сотқа дейінгі сатымен шектеледі, яғни қылмыстық іс қозғалғаннан бастап алдын-ала тергеудің аяқталғандығы туралы хабарланған сәтке дейін кезең аралықты қамтыйды. Ал қазақстандық ынтымақтастық туралы келісім болса, сотқа дейінгі тергеп тексеру, сот отырысында және үкімді орындау сатысында да жасалуы мүмкін. Біздің ойымызша, бұл оның мүмкіндіктерін кеңейте түседі. Себебі, жазасын өтеп жатқан адам, алғашында тергеумен ынтымақтастық жасауға бет бұрмай, кейін келе, жазасын өтеу барысында өзінің ойын өзгертіп, жазадан босану немесе өзге де түрткі болған ниеттерден келісімге баруы мүмкін.

Қазақстандық ынтымақтастық туралы келісімде сезікті, айыпталушы, сотталушы немесе сотталған тұлғаға жағымды келісімнің салдарын сотпен қолдану тек қана, оның берген мәлеметтері бойынша ашылған қылмысқа қатысты сот үкімі заңды күшіне енген жағдайда ғана қолданады екен. Бұл логикалық жағынан алғанда дұрыс. Себебі, бұл талаптың болуы кінәсіздік презумпциясының ережелерін сақтай отырып, берген мәлеметтер бойынша сотталушылардың кінәсі сот үкімімен

дәлелденген жағдайда ғана қолданылады. Ол жалпы заңдылықтың, кінәлінің негізсіз жеңіл жаза немесе қылмыстық жауаптылықтан босатылып кетпеуін қамтамасыз етеді.

Қазақстандық ынтымақтастық туралы келісім тұлғамен ынтымақтастықты екі жағдайда жүргізуі мүмкін: бірінші жағдайда, егер адам қылмыстық топ құрамында қылмыс жасап өзінің істестерін қылмыстық жауаптылыққа тарту бойынша ынтымақтастық жасаса. ҚР ҚПК 44 б. 1т. 4т. сәйкес бұл жағдайда ынтымақтастық жасаған адамға қатысты іс жүргізу жеке өндіріске бөлектенеді. Негізгі қылмыстық іс бойынша берген мәлеметтердің негізінде қатысушыларға қатысты сот үкім шыққан кезде, жеке өндіріске бөлектенген ынтымақтастық жасаған адамға қатысты артықшылықтар қолданыла бастайды.

Екінші жағдайда, ынтымақтастық жасаған тұлға өзі белгілі-бір қылмыс немесе қылмыстар жасап сотқа дейінгі тергеп – тексеру барысында басқа адамдармен жасаған басқа қылмыстарды ашуға ықпалдастыққа бет бұрады.

Бұл екі жағдайда да, жоғарыда айтылып кеткендей ынтымақтастық арқылы ашылған қылмыстық іс бойынша сот үкімі заңды күшіне енуі тиіс, ал негізгі қылмыстық іс бойынша егер ынтымақтастық сотқа дейінгі тергеп – тексеру кезінде жасалса, іс жүргізу жалғаса береді, тіпті сот үкімі шығып үкімді орындау жүзеге асуы мүмкін.

Сондықтан, ынтымақтастық жасайтын тұлғаға қолданылатын қылмыстық – құқықтық көтермелеу нормалары ынтымақтастық арқылы ашылған қылмыстық іс бойынша сот үкімі заңды күшіне енуі кезінді негізгі қылмыстық іс қай сатыда (сот отырысы, сот үкімін орындау) болуына байланысты қолданылады. Мәселен, сот отырысы барысында болса, сот жазаны жеңілдету (ҚР ҚК 55 б. 3т.) немесе қылмыстық жауаптылықтан босату (ҚР ҚК 67 б.) [6] мүмкін, ал егер үкімді орындау сатысында болса, жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату, жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру не тағайындалған жаза мерзімін қысқарту мүмкін.

Белоруссияда сезікті, айыпталушымен жасалған сотқа дейінгі ынтымақтастық туралы келісім бойынша қылмыстық іс жеке өндіріске бөлектенеді (БР ҚПК 165 б. 1т. 4 т.). Себебі, сотқа дейінгі ынтымақтастық туралы келісімнің мақсаты ынтымақтастық жасауға ниет білдірген адамның көмегімен қылмысқа қатысушыларды әшкерлеу, қылмыстық жолмен алынған мүлікті іздестіруге ықпал ету, сондай – ақ мүліктік

зиянды өтеу бойынша, қылмыстық жолмен алынған табысты және қылмыспен келтірген зиянды өтеу.

Бұл тұрғыда алғанда келісім жасаған адамға қатысты алдын – ала тергеу аяқталып, қылмыстық іс сотта қаралғанда судья сотқа дейінгі келісімнің шарттары орындалғандығын тексеріп жаза тағайындайды. Сонымен бірге, сотқа дейінгі ынтымақтастық туралы келісімде өзіне қосымша басқа қылмыстарды әшкерлеу бойынша міндеттеме алған адамға қатысты Беларусь заң шығарушысының логикасына сүйенетін болсақ, сотқа дейінгі ынтымақтастық негізінде қосымша міндеттеме аясында берген мәлеметі бойынша қылмыстық іс қозғаумен шектелінеді. Ол туралы БР ҚПК 46811 б. 2 т. 3т. айтылған, яғни судья сотқа дейінгі ынтымақтастық туралы келісім жасаған айыпталушының қылмыстық ісін қараған кезде ықпалдастық негізінде белгілі болған мәлеметтерді немесе қозғалған қылмыстық істер зерттеледі.

Ал сот бұндай қылмыстық істерді қараған кезде ынтымақтастық жасаған тұлғаға Беларусьның қылмыстық кодексінің 691 бабына сәйкес сотқа дейінгі ынтымақтастық туралы келісімнің міндеттерін орындаған қылмыс жасалған адамға жазаның мерзімін немесе мөлшерін кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабында көзделген жазаның анағұрлым қатаң түрінің ең жоғары мерзімінің немесе мөлшерінің жартысынан асыруға болмайтын жаза тағайындайды. Беларусь заң шығарушысы сотқа дейінгі ынтымақтастық жасаған адамдарға жазаны жеңілдетуге қатысты дифференциацияланған бағытты ұстанғанын аңғартады. Яғни, егер тұлға адамның өмірі мен денсаулығына қол сұғумен ұштасқан ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасап келісімге барса, онда судья жазаның мерзімін немесе мөлшерін кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабында көзделген жазаның анағұрлым қатаң түрінің 3/2 аспайтын жаза тағайындайды [7].

Жоғарыда көрсетілгенді басшылыққа ала отырып, екі елдің қылмыстық процесіндегі ынтымақтастық туралы келісімдердің келісідей негізгі айырмашылықтары мен ұқсастықтарын көрсетуге болады:

Айырмашылықтары:

- Белоруссия қылмыстық іс жүргізу заңнамасы келісімге баратын адамның кінәсін мойындауды міндет ететін норма бар, отандық келісім бойынша мұндай талап көзделмеген;

- сотқа дейінгі ынтымақтастық туралы келісім өзі аты айтып тұрғандай сотқа дейінгі сатыда

жүргізіледі, ал ынтымақтастық туралы келісім сотқа дейінгі тергеу, сот отырысында және жаза орындау сатысында жасалуы мүмкін;

- беларусиядағы келісімдер барлық санаттағы қылмыстар бойынша қолданылады, ал отандық ынтымақтастық туралы келісім тек қана жоғары көрсетілген 4 санаттағы қылмыстарды ашу мақсатында барлық қылмыстар бойынша қолданылуы мүмкін, мұндай ескертпе одақтас елде көрсетілмеген;

- қазақстандық ынтымақтастық туралы іс жүргізу келісімі бойынша сезікті, айыпталушы, сотталушыға келісім аясында қылмыстық – құқықтық көтермелеу нормалары қолдану ынтымақтастық арқылы ашылған қылмыстық іс бойынша сот үкімі заңды күшіне енуі кезінді ғана қолданыла бастайды, беларусияда болса судья сотқа дейінгі келісімнің шарттары орындалғандығын тексеріп жаза тағайындайды.

Ұқсастықтары:

- екеуінде де жәбірленушілердің келісімі қажет етілмейді;

- өзге сезікті, айыпталушылардың келісіміне қарамастан жасалады;

- екеуінде де тараптардың бірі ретінде прокурор табылады;

- адамдар тобымен жасалатын қылмыстар бойынша қолданылуы мүмкін.

Жоғарыда жүргізілген салыстырмалы талдау бойынша келесідей тұжырым жасауға болады: екі мемлекеттің қылмыстық процесіндегі ынтымақтастық туралы келісімдер құқықтық реттеу тұрғысынан алғанда әлі де заңнамалық жетілдіруде талап етеді, бірақ құқықтық механизмы мен процестік кепілдіктер және мақсатқа лайықтылық жағынан қарастырғанда отандық ынтымақтастық туралы келісім артықшылықтарының басым екендігі аңғартады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексі. – Алматы: ЮРИСТ, 2014. – 344 б.
2. Глава 491 Уголовно-процессуального кодекса Республики Беларусь от 16.07.1999 г. № 295-3 [Электронный ресурс] // – Режим доступа: http://www.pravo.by/world_of_law/text.asp?RN=hk9900295#&Chapter=49/1
3. Пилюк А.В. Проблемы применения упрощенных форм разрешения уголовных дел в судопроизводстве Российской Федерации в свете типологии современного уголовного процесса: монография. - Томск: Томский государственный университет, 2011. – 166 с.
4. Уголовно-процессуальный кодекс Российской Федерации. – М.: Проспект, КноРус, 2013. – 256 с.
5. Касаткина С.А. Признание обвиняемого: монография. М.: Проспект, 2010
6. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Қылмыстық кодексі (2014.07.11. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31575294#activate_doc=2
6. Статья 691 Уголовного кодекса Республики Беларусь от 09.07.1999 г. № 275-3 [Электронный ресурс] // – Режим доступа: <http://etalonline.by/?type=text®num=HK9900275>



Мақалада Қазақстан мен Беларусь Республикаларының қылмыстық процесіндегі ынтымақтастық туралы процессуалдық келісім институтының нормалары талданған. Авторлар екі елдегі процессуалдық келісім институтына салыстырмалы талдау жасап, оның негізгі айырмашылықтары мен ұқсастықтары анықтады. Процессуалдық келісімнің әрбір нысанның ұғымын анықтау қажеттілігі негізделген.

Түйін сөздер: қылмыстық процесс, кінә, ынтымақтастық туралы процессуалдық келісім.

В статье проанализированы нормы института процессуального соглашения о сотрудничестве в уголовном процессе Республики Казахстан и Республики Беларусь. Авторами проведен сравнительный анализ института процессуального соглашения 2 стран, выявлены основные различия и сходства. Обосновывается необходимость в определении понятий каждой из форм процессуального соглашения.

Ключевые слова: уголовный процесс, вина, процессуальное соглашение о сотрудничестве.

The article analyzes the norms of the institute of procedural agreement, a new revision of the Criminal Procedure Code of the Republic of Kazakhstan. The author draws attention to the lack of procedures for review of the case file of the suspect at the end of the pre-trial imprisonment procedural agreement, its regulation is proposed. In conciliatory production it deals with the problem of differentiation of the sentence, taking into account the categories of crimes.

Keywords: criminal proceedings, guilt, a procedural agreement on cooperation.

Алмас Қанатұлы Қанатов,

ҚР Заңнама институтының қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу, қылмыстық атқару заңнамасы және сот сараптамасы бөлімінің бас сарапшысы-бөлім бастығы, з.ғ.к., доцент

Әсет Оралгазыұлы Балғынтаев,

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасы доцентінің м.а., PhD докторы

Қазақстан мен Белоруссияның қылмыстық процесінде ынтымақтастық туралы келісімдер: салыстырмалы талдау

Канатов Алмас Канатович,

главный эксперт-начальник отдела уголовного, уголовно-процессуального, уголовно-исполнительного законодательства и судебной экспертизы Института законодательства РК, к.ю.н., доцент

Балғынтаев Асет Оралгазыевич,

и.о. доцента кафедры уголовно-правовых дисциплин Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, доктор PhD

Соглашения о сотрудничестве в уголовном процессе Казахстана и Белоруссии: сравнительный анализ

Kanатов Almas Kanatovich,

Head of Department of the criminal, criminal procedure and penal enforcement and forensic of the Institute of Legislation of Republic of Kazakhstan, Candidate of legal sciences, Associate Professor

Balgintayev Asset Oralgazyevich,

Ph.D., performing the duties of assistant professor of Chair of criminal legal discipline. L.N. Gumilyov Eurasian National University

Agreement on cooperation in the criminal trial Kazakhstan and Belarus: comparative analysis